

KASE

АПТАЛЫҒЫ

24–28 Мамыр, 2021

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE ресми тізіміне iShares Global Clean Energy ETF [US4642882249](#) (US_ICLN) акциялары, AltynGold PLC [GB00BMH19X50](#) (GB_ALTN) жай акциялары, "Сентрас Секьюритиз" АҚ [KZ1C00009562](#) (CSEC) жай акциялары және "Сентрас Секьюритиз" АҚ KZPF00000538 (HFINHl) "Налук – Өтімді" ИПИҚ KZPF00000538 (HFINHL), KZPF00000520 (HFINHS) "Налук – Теңгерімделген" ИПИҚ және "Налук – Перспективалы инвестициялар" ИПИҚ KZPF00000546 (HFINHP) [пайлары](#) енгізілді.
- ▲ KASE-де "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [US4642882249](#) (US_ICLN) iShares Global Clean Energy ETF акцияларының және XS2337670421, US25159XAC74 (BRKZe11) және XS2337670694, US25159XAD57 (BRKZe12) [облигацияларының](#) сауда-саттықтары ашылды.
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ-на iShares Global Clean Energy ETF US4642882249 (US_ICLN) акциялары бойынша Биржада маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- ▲ KASE Директорлар кеңесі ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде сауда-саттықты өткізу әдістері туралы [қағидаға](#) түзетулерді және Биржаның сауда-саттық жүйелеріне рұқсаттама беру [ережелеріне](#) енгізген өзгерістерді бекітті.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- ▲ Қазақстан Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында өзінің MEYKAM-120 19-шы шығарылымын (KZKD00001129, MUM120_0019), MEYKAM-180 бірінші шығарылымын (KZKD0000105, MUM180_0001) және MEYKAM-120 16-шы шығарылым (KZKD00000865, MUM120_0016) орналастыру арқылы 35,3 млрд теңге тартты.
- ▲ "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ KASE-де өзінің KZ2C00006120 (AGKKb11) облигацияларын жылдық 11,50% орналастырып, 9,4 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ Банк ВТБ АҚ (Қазақстан) еншілес ұйымы өзінің KZ2D00006517 (BVTBb6) облигацияларын орташа сараланған өтеуге кірістілігі жылдық 10,99 % Биржада орналастырып, 4,6 млрд теңге қаржы тартты.
- ▲ "KEGOC" АҚ өзінің KZ1C00000959 (KEGC) жай акциялары бойынша 2020 жылға дивиденд [төледі](#).
- ▲ "ҚазМунайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ және KazMunaiGaz Finance B.V. бес шығарылым облигацияларының ұстаушыларына келісім алу мақсатында жүгінгені туралы [хабарлайды](#).
- ▲ "Рахат" АҚ атауы [өзгерді](#).
- ▲ Tethys Petroleum Limited компаниясы өз қызметі туралы жаңартылған ақпарат [ұсынды](#).
- ▲ "Кселл" АҚ Еуразиялық даму банкімен қосымша келісім бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендегені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "ҚазТрансОйл" АҚ 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелер туралы [хабарлады](#).
- ▲ "ҚазТрансОйл" АҚ өзінің KZ1C00000744 (KZTO) жай акциялары бойынша 2020 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге [ниетті](#).
- ▲ "RG Brands" АҚ өзінің KZ1C00000496 (RGBR) жай акциялары бойынша 2020 жылға дивидендтер төлеуге [ниетті](#).

28.05.2021	Трендтер (%)		
KASE Индексі	3 373,00	0,3	4,1
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7к	Δ 7а
Народный банк	168,9	7,6	14,1
Банк ВТБ	0,3	3,7	-6,7
Freedom Holding Corp.	20 464,5	3,5	-9,5
Казхтелерам, прив. акция	17 450,0	2,6	8,9
Сбербанк	1 810,0	2,6	5,8
Газпром	1 550,0	2,2	14,3
Bank of America Corporation	18 400,0	1,3	8,3
НАК Казатомпром	13 120,0	0,5	7,5
Аэрофлот	419,0	0,5	-2,6
КазТрансОйл	1 215,0	0,1	8,0
Банк ЦентрКредит	250,0	-0,5	8,2
KEGOC	1 766,9	-1,0	2,7
Kcell	2 553,3	-1,8	0,5
Казхтелерам	28 010,0	-3,1	-7,6

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



KASE индексі 4,1 %-ға-3 373,00 нүктеге дейін өсті. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің ең көп саны Халық банкінің жай акцияларымен жасалды – 2488 мәміле (жалпы үлестің 51,9 %). Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Халық банкінің бағалы қағаздарына да тиесілі – 370,9 млн теңге (жалпы үлестің 47,2 %).

Есептік аптадағы ең маңызды өсімді Халық банкінің акциялары көрсетті, олардың бағасы 7,6 %-ға өсті. Елдегі ең ірі коммерциялық банктің қағаздары пандемия басталғаннан бері алғаш рет доқ тәрізді деңгейден жоғары сатылуда. Банктің акциялары 2021 жылдың I тоқсанындағы қаржылық есеп берушіліктің жариялануынан туындаған оң фонды қайтарып алуды жалғастырған болуы мүмкін, оған сәйкес Halyk Bank ҚЕХС бойынша таза пайдасы 19,4 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2020 %-ға өсті.

Сонымен қатар, S&P Global Ratings рейтингтік агенттігінің Банктің BB/B деңгейіндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін растауы өсу драйвері бола алады, болжам – "тұрақты". Сондай-ақ банктің ұлттық шкала бойынша "kzA+" деңгейіндегі рейтингі расталды. Халықаралық рейтингтік агенттігі Халық банкі соңғы бірнеше жылда проблемалық несиелер санын қысқартуда тұрақты прогресті көрсетіп отырғанын атап өтті. 2020 жылы қаржы институты проблемалық активтер портфелін абсолюттік және салыстырмалы түрде қысқарта алды.

"ҚазТрансОйл" акциялары (0,1 %) 2020 жылға дивиденд төлеу туралы хабарлама аясында өсті. "ҚазТрансОйл" АҚ акционерлері жылдық жалпы жиналыста жалпы дивидендтер төлеуге 50,8 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады, бұл компанияның 2020 жылғы таза пайдасының 90 %-дан астамын құрайды. Бір жай акцияға шаққандағы төлем мөлшері 132 теңгені құрайды. Дивидендтерді төлеудің басталу күні – 2021 жылғы 18 маусым. ҚЕХС бойынша компанияның таза пайдасы 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 24 %-ға өсті.

Сонымен қатар, Kcell мобильді операторының акциялары 2020 жылғы дивидендтік төлемдердің 2019 жылғы төлемдермен салыстырғанда екі есеге жуық өсуіне қарамастан 1,8 %-ға төмендеді. Kcell акционерлері 2020 жылға дивидендтер төлеуге 17,6 млрд теңге жіберуге шешім қабылдады, бұл компанияның шоғырландырылған таза пайдасының 100 %-ын құрайды. Бір жай акцияға немесе жаңандық депозитарлық қолхатқа (GDR) 87,89 теңге келеді.


Сонымен қатар, Kcell сәрсенбіде Еуразиялық даму банкімен (ЕАДБ) пайыздық мөлшерлемені 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін кредиттің қолжетімділік мерзімімен жылдық 11,5 %-дан жылдық 11,19 %-ға дейін төмендету туралы уағдаласқанын хабарлады. ЕАДБ 2016 жылдың желтоқсанында Kcell-мен жоғарыда көрсетілген келісім-шарттың талаптарында қаражатты кәдеге жарата отырып, 18 ай мерзімге (кейіннен осындай мерзімге ұзарту мүмкіндігімен) 26 млрд теңге мөлшерінде несиелік шарттың ашу туралы келісім-шарт жасасты. Несиелік шарт бойынша қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 13 % құрады. Содан бері ұялы байланыс операторы несиелік шарттың лимитін арттырып, пайыздық мөлшерлемені төмендетіп, ЕАДБ-мен несиелік келісім-шартты үш рет жаңартты.



Мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір күн мерзімге 11 б.н. – жылдық 8,14 % деңгейіне дейін ұлғайды. АҚШ долларының кепілдігімен теңгенің қарыз алу мөлшерлемесі өзгерген жоқ және жылдық 7,94 % құрады. Есептік кезеңде бір күнге теңгелік өтімділіктің қарыз алуының орташа көлемі 338,84 млрд теңгені құрады (алдыңғы аптадағы ұқсас көрсеткіштен -27,7 %).


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Inflation, 12M MM Index Base interest rate TONIA SWAP-1D




Основные параметры размещения нот НБРК

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы 0,96 теңгеге (0,2 %) – 427,90 теңгеге дейін төмендеді. Бір аптадағы саудасаттықтың орташа көлемі \$141,34 млн құрады (өткен аптадағы ұқсас көрсеткішке +16,1 %). АҚШ долларын сатып алу және сату бойынша мәмілелердің жалпы саны 2088 құрады (алдыңғы аптадағы ұқсас көрсеткішке +497). Максималды баға бір АҚШ доллары үшін 428,95 теңгені, минималды баға – 426,19 теңгені құрады.


Теңге АҚШ долларына қатысты өз позициясын нығайтты. Ұлттық валютаға мұнай котировкаларының өсуі қолдау көрсетті, олар өз кезегінде Goldman Sachs болжамы бойынша оптимизм аясында өсті. Goldman 2021 жылдың IV тоқсанында мұнай бағасының барреліне \$80 дейін өсуін күтуде. Банк сарапшыларының пікірінше, дамыған елдердегі сұраныстың қалпына келуі коронавирустың таралуы аясында Оңтүстік Азия мен Латын Америкасындағы тұтынудың жақында төмендеуін өтейді. Сонымен қатар, банк Иранның атом бағдарламасы бойынша бірлескен кешенді іс-қимыл жоспарына (КІҚЖ) АҚШ пен Иран оралған жағдайда Ирандағы мұнай өндірісінің кез-келген ұлғаюын ОПЕК+ өтейді деп санайды.

Бұдан басқа, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтарды (ПҚӨС) төлеуге экспорттық түсімді қалдық сату аясында Ресей рублінің нығаюы теңгеге қолдау болды. Сонымен қатар, АҚШ-тың жаңа статистикалық мәліметтері, онда американдық еңбек нарығы туралы мәліметтер елдегі жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға өтініштер санының күтілгеннен едәуір төмендегенін көрсетті. Сонымен бірге, I тоқсанда АҚШ ЖІӨ өсуін бағалауды Сауда министрлігі жылдық қарқынға қайта есептегенде 6,4 % деңгейінде қалдырды. Сонымен бірге, нарыққа қысым Иранның мұнай жеткізілімінің қайта басталуы мүмкін деген алаңдаушылық тудырды, бұл нарықтардағы ұсыныстың артуына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, американдық мұнай институтының (API) мәліметтері бойынша, автомобиль маусымының ашылуы қарсаңында Штаттардағы шикізат қоры төмендеді. 21 мамырда аяқталған бір апта ішінде мұнай қоры 439 миллион баррельге қысқарды.


Лондондағы ICE Futures биржасында шілде айындағы Brent мұнай фьючерстерінің құны барреліне \$69,63 (4,8%) деңгейінде жабылды. Мәскеу биржасындағы Ресей рубліне АҚШ долларының бағамы 73,1646 рубльді (-0,6%) құрады.

Ресей рублінің құны 0,0071 теңгеге (0,1%) – 5,8220 теңгеге дейін төмендеді. Қытай юаны 0,5457 теңгеге (0,8%) – 67,2500 теңгеге дейін қымбаттады. Еуро 2,84 теңгеге (0,5%) – 521,60 теңгеге дейін өсті.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы



**Brent мұнай құны
USD/баррель**



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
— GBPKZT	604,97	-0,2	1,5	5,9
— USDKZT	428,48	-0,2	-0,2	1,8
— EURKZT	522,45	-0,1	0,8	1,2
— CNYKZT	67,19	0,8	1,5	4,2
— RUBKZT	5,83	0,0	1,7	3,2

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

28.05.2021

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	4 204,11	1,2	0,5	38,8	1,2	Мұнай (Brent)	69,63	4,8	3,5	97,3
Dow Jones	34 529,45	0,9	2,1	35,9	1,1	Мұнай (WTI)	66,32	4,3	3,9	96,7
PTC	1 603,79	2,2	6,3	29,2	2,5	Табиғи газ	2,99	2,8	2,1	63,4
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	2,5	Мыс	467,75	4,0	4,0	93,8
Hang Seng	29 124,41	2,3	0,2	25,9	2,3	Темір	1 155,00	-4,6	-8,2	51,7
SS CSI 300	5 321,09	3,6	3,9	38,0	3,7	Алтын	1 903,77	1,2	6,9	10,7
Euro Stoxx 50	4 070,56	1,1	1,4	31,5	1,2	Күміс	28,01	2,0	7,4	55,9
FTSEuroFirst	4 485,00	0,6	2,1	25,2	0,6	Астық	663,50	-1,6	-8,5	29,0
FTSE 100	7 022,61	0,1	0,8	12,9	0,2					
KASE	3 373,00	0,3	4,1	45,7						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

02.06	ISM өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (мам)	USD	60,7	60,7
03.06	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны	USD	395K	406K
03.06	Шикі мұнай қорлары	USD		-1,662M
04.06	ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөйлеген сөзі	USD		
04.06	ЕОБ төрағасы Лагард сөз сөйлейді	EUR		
04.06	Жұмыссыздық деңгейі (мамыр)	USD	5,9%	6,1%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	2020 жыл басына
Жылдық инфляция	7,0%	01.05.21	5,6%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	34 674	01.02.21	35 638
Қаржы базасы, млрд KZT	9 173,8	01.01.21	8 652,5
Қаржы массасы, млрд KZT	25 392,0	01.01.21	20 875,8
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	06.03.21	BBB- тұрақты
	Вaa3 позитивті	17.02.21	Вaa3 позитивті
	BBB тұрақты	20.02.21	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.